



Сабақтың тақырыбы:

С.Мұқанов «Саятшы Ораз»

Сынып 7 «Ә»

Пән мұғалімі: Нүрсейітова А.Қ

Сабақтың мақсаты:

*Адамгершілік ,
аңшылық туралы
ұғым қалыптастыру.*

Міндеттері:

- *1. Әңгіменің тақырыбын ашу*
- *2. Мәтінмен жұмыс істей білу дағдыларын дамыту*
- *3. Адамгершілік қасиеттерге, қайырымдылыққа, табиғатты сүйеге тәрбиелеу*

Оқу нәтижесі:

Аңшылық кәсібі туралы түсінік қалыптасады, аңшылықтың әр түрлі мақсатта болатындығын таразылайды, ойлау қабілеттері дамиды, сөздік қоры молаяды, шапшаңдыққа үйренеді..

Оқушыларға психологиялық ахуал тудызу

*Оқушылар назарына Табиғат
тамашалары видеоролигін ұсынады.
Түстер арқылы топтастырады.*

Ой қозғау

- М.Әуезовтің «Көксерек» повесінде бөлтірікті қандай жолмен аулады?
- Қасқыр мен бүркіттің ұқсастығы неде?
- Саятшы деп кімді айтамыз?
- Бүгінгі сабағымыз кім болмаса не туралы?
- Екі сабаққа ортақ қандай сөз не сөйлемдерді атап едің ?

Білу.Түсіну

Мұқанов «Саятшы Ораз» («Өмір мектебі» өмірбаяндық трилогиясынан үзінді) Жаңа сабақтың жоспары: Жазушының есінде қалған жалғыз адам – саятшы Ораз.

*Ораздың Мұқанның үй – ішіне көмек көрсетуі
Ораздың аңшылығы адамгершілігі*

Шығарманың басты кейіпкері кім? Мәтіннен портретін тауып оқу. Мінезі қандай адам? - ауызша

Қолдану

Мәтіннен пейзажды тауып оқу, оның оқиғамен байланысы қандай?

Мәтіннен пейзажды тауып оқу, оның оқиғамен байланысы қандай?

Пейзаж – жазушы шығармада табиғатты барынша көркем суреттеу.

Біз көшіп барған ауыл қыстауының ұзын тұрқы батыстан шығысқа қарай созылған биік дөңнің қырқа жотасында. Жотаның ұзындығы төрт-бес шақырымдай, қапталының кеңдігі екі-үш шақырымдай. Осы жотаның батыс пен шығыс жағын және екі жақ қапталдығын жаба өскен қалың ну ағаш. Ағаштары түп-түгел қайың мен терек. Ауыл қалың ағашты қырқа жонның арасында тұрады. Төбеден жауған қар болмаса, қысты күні қалың ағаштан бұл ауылға боран беттей алмайды. Қырқа жонның нақ биігінде сай бар, көктем кезінде бұл сайда аттың бауырлығынан келерлік су жатады, да, төңіректей қалың ағаш өскен ауыл осы сайда дөңгелене орналасқан.

(табиғат-қорғаныш, осы ауыл заман қаталдығынан, аштықтан адамдарды қорғап тұр). **Деталь** - бір нәрсені 2 нәрсемен астарлап жеткізу

Талдау

КУБИЗМ әдісі бойынша 6 топқа 6 тапсырмасы. Кеспе қағазды таңдау арқылы өз тапсырмаларын алады.

СУРЕТТЕ – Ауыл тұрмысын суретте.

САЛЫСТЫР – С.Мұқанов «Саятшы Ораз», Абай «Қансонарда бүркітші шығады аңға» аң аулау тәсілі. Сыныптан тыс оқу. М.Әуезов «Бүркітші» әңгімесі. (аңға қашан шығады, құралдары, әлеуметтік жағдайы, сонар түрлері)

ЗЕРТТЕ – Жазушылар суреттеуіндегі аңшылық : қайсысында кәсіп , қайсысында өнер ?


ҚОЛДАН – кәсіби, сөздер, аңшылыққа қатысты сөздерді теріп жазыңдар.

ДӘЛЕЛДЕ – қаламгерлердің сөз қолданысындағы ерекшелік (стиль, тегі, көркемдегіш сөздердің қолданылуы, сөйлем құрылысы,)

ТАЛДА – Бүгінгі күнде аңшылық керек пе?

Жинақтау

«Ақылдың алты қалпағы»



Ақылдың алты қалпағы

- * Ақ қалпақ – – повестің тақырыбы, бүгінгі күнгі аң аулау тәсілінің тұрпайылығы, түрлі деректер, аңшылық туралы шығармалар
- * Қызыл қалпақ – сезім, болжам, ішкі түйсікке сүйене повестегі оқиғаға сезімталдықпен баға беру, психологиялық эмоцияны беретін тұстары, жанашырлық, жек көрушілік сезімі, броконерьерлер әрекетін, аңшылықты айыптау.



Ақылдың алты қалпағы



Қара қалпақ –кері (негатив) дәйектеуге негізделген сыни сараптама: табиғаттың адамзатқа қарсылығы, оны қорғау мәселесі.

Сары қалпақ – болашаққа сенімге, жағымды позитивтік дәйектеуге негізделген оптимистік ұстаным, табиғаттың жаңарып, жасарып отыратыны,бүркіт, қасқырдың аң аулауына қатысты ғылыми деректер.

Ақылдың алты қалпағы



Жасыл қалпақ – өсу мүмкіндігін, жаңа идеяларды анықтайтын креативті ұстаным, аңшылық- атакәсіп, оның пайдасы туралы.
Көк қалпақ – басқа топтар пікірінен қорытынды жасайды, философиялық ой тұжырымдайды, аңшылық- кәсіп те, өнер де.

Бағалау

I топ. Бес жолды өлең

- 1. Зат есім 1 сөз**
- 2. Сын есім 2 сөз**
- 3. Етістік 3 сөз**
- 4. Сөйлем құрау**
- 5. Зат есімнің синонимі**

Ойтолғау

II топ. «Аңшылық кәсіп пе, өнер ме?»

III топ. «Табиғатсыз адамзаттың күні жоқ,

Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ».

IV топ. « Табиғат адам үшін жаралыпты,

Бар қызық табиғаттан таралыпты».

V топ. Аңшы мен тілші сұхбаты

VI топ. Броконьер «ыстық орындықта»

Табыс критерийлері

1. Тақырыпты ашуы.
2. Ой жүйелілігі, тереңдігі,
3. Пікірін дәлелді жеткізе білуі.
4. Тіл көркемдігі.
5. Топ мүшелерінің белсенділігі.



Рефлексия:
-Мені қызықтырғаны..
Мені ойландырғаны ...
Мен алған табылым..

-

